

Вебинар тақырыбы: Түйе шаруашылығындағы мал дәрігерлік іс-шаралардың ерекшеліктері



ОБМЖӨШҒЗИ
26.07.2022

Мақсаты: Түйе шаруашылығындағы мал дәрігерлік іс-шаралардың жүргізу өндірілген өнімнің тұтынушыларға қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- түйе шаруашылығында мал дәрігерлік іс-шаралардың ерекшелігі;
- түйелерді түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу;
- түйелерді көктемгі түйе жүндеу кезінде паразитарлық ауруларға қарсы іс-шараларды жүргізу;
- түйе малының көктем-күзде қауіпті ауруларға қарсы вакциналау және қан алынудың тәртібі.

Фермерлер үшін практикалық құндылығы

Түйе шаруашылығында аналық пен аталық түйелерді жыл сайын көктем-күзде түйе шаруашылығында кездесетін аса қауіпті оба, сібір жарасы, туберкулез, бруцеллез ауруларға қарсы вакцина салынып тұрса, қандары алынып тексеріліп, шаруашылыққа экономикалық жағынан тиімділігін арттырады.

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

ТЕЗИС	ЕГЖЕЙЛЕРІ
Түйе шаруашылығында арнайы қондырғы (раскол) арқылы мал дәрігерлік іс-шараларды жеңілдетуге арналған қондырғылар бар	Түйе шаруашылығында бүгінгі таңда арнайы қондырғы аппараттар арқылы емдеу мал дәрігерлік іс-шаралар жүргізілмеуде
Қазақстанда бүгінгі таңда түйе тұқымында аса қауіпті жұқпалы аурулар жоқ деуге болады	Мал дәрігерлік іс-шаралар 4 түлік малдың ішінде ең ауруға төзімді түйе тұқымы болып саналады
Сауын түйелерде арнайы қондырғымен сауған кезде техникалық қауіпсіздік пен сүт шығу уақытын қадағалап тұру қажет	Машинамен сауу шаруашылық үшін тиімді болғанымен экономикалық жағынан малдың өнімділігі бойынша сүт беру дәрежесі төмендеуі мүмкін
Қазіргі кезде түйелерді негізінен қолмен сауу кезінде аналық түйелер желінсау ауруына шалдықпайды	Түйелерді қолмен саууда негізінен көктемгі-жазғы маусымда 3 рет, ал күз-қыста 2 рет қолданылуда
«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС «Түйе шаруашылығы» бөлімінің ғалымдары әмбебап қондырғы жобасы жасалынған	Жоба негізін 30 патент құрайды. Жобаның артықшылығы – түйелерді машинамен сауумен қатар жүндеуге мал дәрігерлік толық іс-шараны өткізуге арналған

КЕЙС

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ОРДАБАСЫ АУДАНЫ,
«АЛТЫБАС КТА» ЖШС

- түйе саууға арналған жаңа сауын және түйе жүндеуге мал дәрігерлік іс-шараларды өткізуге арналған тәжірибелік үлгісі;

ТҮЙЕЛЕРДІҢ ЖҮН ҚЫРҚЫМЫ



Иллюстрация



ФЕРМЕРЛЕРГЕ ҰСЫНЫСТАР

1. Түйе шаруашылығында өсіріп отырған түйе тұқымдарының өнімділік бағытына қарай азық өлшемін зоотехникалық нормаға сәйкес азықтандырып отыру қажет.
2. Сауын түйелерді құнарлы азықпен қосымша азықтандыру арқылы боталар мен аналықтың қоңдылығын сақтап, түрлі жұқпалы аурулардан сақтандыруға болады.
3. Мал дәрігерлік іс-шара сауын және тауарлы фермаларда ай сайын дезинфекциялық өңдеу жұмыстары жүргізілуі қажет.
4. Мал дәрігері жыл сайын орындалатын іс-шараны кестеге сәйкес түйе тұқымдарынан қажетті қанын алып, вакцинасын егіліп отырса, шаруашылықта жұқпалы аурулар болмайды.

«Оңтүстік-Батыс мал және
есімдік шаруашылығы
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма төрағасы

Эксперт:



С.Ә.Қаныбеков

А.С.Тенлибаева